

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

201 ____ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

« ____ » _____ 201 ____ г.

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2019 жылғы 4 желтоқсандағы
№ ДС-189 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қазақ республикалық лепрозорийдегі науқастарға медициналық көмек көрсетуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдаймын.

Қосымша ____ парақ.

Б. Сапарбаев

Сарсенбаева Г., тел. 75-00-02

«Лепра» ауруына шалдыққан пациенттер толығымен мемлекеттің қамсыздандыруында және сәйкесінше, науқастар арнайы әлеуметтік көмек пен аурудың шиеленіскен салдары бойынша оңалту және мамандандырылған медициналық көмекті Қазақ республикалық лепрезорийіде (бұдан әрі – Мекеме), тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде алады.

Дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, стандарттар мен клиникалық хаттамаларды қайта қарау бойынша

Лепрамен ғаламдық ауқымда күресу үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы лепраға қарсы, диагностикалық ұсынылатын іс-шаралар мен ауру түріне байланысты емдеу әдістерін қамтитын бағдарламаларды әзірледі.

«Қызылорда облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығы» КМҚ жасалған шарт шеңберінде науқастарды арнайы диагностикалық тексеру мәселелері шешілді (УДЗ, офтальмолог, оториноларинголог, кардиолог, МРТ, КТ),

Арнайы емдеумен (*рифампицин, дапсон және клофазимин*) және басқа дәрілік заттармен аталған пациенттер ТМККК шеңберіндегі дәрілік формуляр тізбесі бойынша тегін қамтамасыз етіледі. Бұл ретте нақты ауруды гепатопротекторлармен, кардиоангиопротекторлармен, ноотроптармен емдеудің дәлелдік қоры жоқ.

Сонымен бірге, лепрамен ауыратындарды емдеу бойынша Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярының тізбесіне трофикалық жараларды емдеу бойынша дәрілік препараттар мен гелдердің толық тізімі енгізілмеген. Осыған байланысты, 2020 жылы лепрамен ауыратын науқастарда трофикалық жараларды гелдермен және жақпа майлармен емдеуді қарастыратын диагностикалау мен емдеудің сәйкес клиникалық хаттамасы әзірленетін болады.

2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджетте дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға 52 149 мың теңге, Мекеменің қызметіне 2020 жылы - 426 693 мың теңге, 2021 жылы – 462 374 мың теңге, 2022 жылы – 464 550 мың теңге қарастырылған.

Ағымдағы жылы Мекеме үшін 429 858,0 мың теңге, олардың ішінде дәрілік заттар мен басқаларды сатып алуға – 17 285,0 мың теңге бөлінді (30.12.19 ж. – 16 854,1 мың теңге игерілді).

Пациенттерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау, оның ішінде, қайырымдылық және гуманитарлық көмек көрсету, ерекше мәртебе меншіктеу және медициналық қызметкерлердің еңбекақысын арттыру бойынша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін анықтау «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңға және Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген

санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады (*Үкіметтің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген*),

Бүгінгі күні әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж тұлғаларға сәйкес көмек толық көлемде заңнама шеңберінде көрсетіледі (*мүгедек науқастар «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығына сәйкес барлық қажетті қосалқы құрал-саймандармен қамтамасыз етіледі*).

Сондай-ақ, лепраны емдеу бойынша ұлттық бағдарлама шеңберінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пациенттерді арнайы емдеумен (*блистерлермен (рифампицин, дапсон и клофазимин)*) тегін (*гуманитарлық көмек*) қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғаны әлеуметтік қолдау, демеушілік көмек түрінде көмек көрсету «Қайырымдылық туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңымен (бұдан әрі – Заң) реттелетінін атап кеткен жөн.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қазақстан халқына 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауын іске асыру үшін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ақысы төмен төленетін лауазымдар санаттарындағы барлық жұмысшылар мен қызметкерлер үшін еңбекақы арттырылды (*санаты жоқ дәрігерлер, екінші санатты және санаты жоқ мейірбикелер (мейіргерлер), әкімшілік және негізгі персоналдың кейбір мамандары, техникалық орындаушылар*).

Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап денсаулық сақтау жүйесінің барлық қызметкерлерінің, оның ішінде, Мекеме қызметкерлерінің еңбекақысы 30% дейін арттырылды. *Анықтама: Жұмыс өтілі және санаты жоқ дәрігердің еңбекақысы - 152 681 теңге (арттыруға дейін 120 163 теңге), жұмыс өтілі 25 жылдан жоғары және жоғары санаты бар дәрігердің еңбекақысы - 210 285 теңге (арттыруға дейін 186 128 теңге); жұмыс өтілі және санаты жоқ мейірбикенің еңбекақысы - 127 595 теңге (арттыруға дейін 94 767 теңге), жұмыс өтілі 25 жылдан жоғары және жоғары санаты бар мейірбикенің еңбекақысы - 165 069 теңге (арттыруға дейін 141 532 теңге).* 2020 жылы сондай-ақ, дәрігерлердің еңбекақысын 30%, орта буынды медициналық қызметкерлердің еңбекақысын 20% арттыру жоспарлануда.

Осылайша, соңғы жылда денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің еңбекақысы, оның ішінде, Мекеменің медициналық қызметкерлерінің еңбекақысы бірнеше рет арттырылды.

Лепрамен ауыратын науқастарға ерекше мәртебе меншіктеу және әлеуметтік қолдау көрсету 2020 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау министрліктерімен, Қызылорда облысының әкімдігімен пысықталатын болады.

Материалдық-техникалық базаны жақсарту, бу жіберетін жаңа қазанды орнату бойынша.

Материалдық-техникалық базаны жақсартуға, оның ішінде, бу жіберетін жаңа қазанды орнатуға Мекеме Денсаулық сақтау министрлігіне 12 940 млн. теңге сомаға өтінім ұсынды. Аталған шығындар заңнамамен белгіленген тәртіпте Бюджеттік кодекске сәйкес қарастырылатын болады.

Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығымен ынтымақтастық мәселесіне қатысты.

Қазіргі уақытта Мекеме Екі жақты ынтымақтастық туралы екі жақты келісім шеңберінде 2018 жылғы қазан айынан бастап ТМД елдеріндегі жалғыз Астрахань қ. «Лепраны зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу институты» ФМ БМ бірге қызмет істеуде.

Бұл Келісім шеңберінде медициналық қызметкерлерді заманауи профилактика, диагностика және лепрологияны емдеу мәселелерін оқыту, ғылыми-тәжірибелік тағылымдамалар жүргізілуде.

Осымен қатар, Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы Мекемеге кеңес беру, диагностикалық зерттеулер жүргізуде, сондай-ақ, лепрология саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді.
